

**Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі
Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**

**Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институты
Педагогика және басқару теориясы кафедрасы**

Бекітемін

Академия бастығының оқу ісі
жөніндегі орынбасары
заң ғылымдарының докторы
профессор

полиция полковнигі

_____ З.С.Тоқыбаев

« ____ » _____ 2016 ж

**Пән бойынша
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕН**

Ред 5203 Педагогика

6 М 030300 - «Құқық қорғау қызметі» мамандығы бойынша
Ғылыми және педагогикалық магистратура

Курс -1
Семестр -2
Кредит саны -2

Қарағанды 2016

«Педагогика» пәні бойынша бМ 030300 - «Құқық қорғау қызметы» мамандыққа арналған ОӘК

Құрастырған: педагогика және басқару теориясы кафедрасының бастығы, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Е.Т. Түсіпбеков

«Педагогика» курсы құқық қорғау органдары қызметкерлерін қазіргі жағдайда біздің қоғамды дамытудағы педагогикалық, психологиялық, этикалық және оқу-тәрбиелік процесті қарстыруды оқытады.

Кафедра мәжілісінде қарастырылды «___»_____2016 жыл.,
№_____хаттама

Педагогика және басқару теориясы
кафедрасының бастығы
полиция полковнигі

Е.Т. Түсіпбеков

ОӘК мәжілісінде қарастырылды «_____»_____2016 ж.,
№_____хаттама

**Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі
Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы
Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институты
Педагогика және басқару теориясы кафедрасы**

Бекітемін
Академия бастығының
оқу ісі жөніндегі орынбасары
з.ғ.д., профессор
полиция полковнигі
_____ З.С. Тоқыбаев
2016 ж «___» _____

Пән бойынша жұмыстық оқу бағдарламасы (SYLLABUS)

Ped 5203 «Педагогика»

6M030300 – құқық қорғау қызметі мамандығы бойынша
Ғылыми және педагогикалық магистратура

Оқыту нысаны:

курс: 1

семестр: 2

кредит саны: 2

дәріс: 5 сағат

семинар: 10 сағат

тәжірибелік сабақтар: 15 сағат

МОӨЖ: 30 сағат

МӨЖ: 30 сағат

Емтихан 2 семестр

Қарағанды 2015

«Педагогика» пәні бойынша 6M030300 – құқық қорғау қызметі мамандығына арналған оқыту бағдарламасы (SYLLABUS)

Құрастырған: Педагогика және басқару теориясы кафедрасының бастығы, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Е.Т. Түсіпбеков

Кафедра мәжілісінде қарастырылды
« » _____ 2016ж., № ____ хаттама

Кафедра бастығы
полиция полковнигі

Е.Т. Түсіпбеков

ОӘК мәжілісінде мақұлданды
« ____ » _____ 2016 ж., № ____ хаттама

3.1. Негізгі ақпарат:

1. Шифр және мамандық атауы	6M030300 – құқық қорғау қызметі Ped 5203 Педагогика
2. Курс, семестр	2 семестр
3. Пән циклы	Әлеуметтік гуманитарлық
4. Кредит саны	2
5. Сабақ өткізу орны	ЖООКББИ аудиториясы
6. Дәріскер (Т.А.Ә., лауазымы, ғылыми дәрежесі, басқа да байланыс ақпараты)	Е.Т Түсіпбеков., п.ғ.к, доцент полиция полковнигі, педагогика және басқару теориясы кафедрасының бастығы, №416 кабинет; Байланыс ақпараты: кафедраға келу уақыты – 9.00 ден 18.30 дейін күн сайын, жексенбіден басқа. Байланыс телефоны – 3-13
7. Қалған сабақ түрлерін жүргізетін оқытушылар (Т.А.Ә., лауазымы, ғылыми дәрежесі, басқа да байланыс ақпараты)	Е.Т Түсіпбеков., п.ғ.к, доцент полиция полковнигі, педагогика және басқару теориясы кафедрасының бастығы, №416 кабинет; Байланыс ақпараты: кафедраға келу уақыты – 9.00 ден 18.30 дейін күн сайын, жексенбіден басқа. Байланыс телефоны – 3-13

3.2 Пререквизиттер: Педагогтың кәсіби әрекетінің жалпы сипаттамасын, педагогиканың, психологияның басты түсініктерін білу. Педагогикалық шеберлік пен педагогтың, психологтың кәсіптік елеулі жеке қасиеттерінің негіздерін білу.

3.3 Постреквизиттер: жоғарғы білім жүйесіндегі ғылыми-теориялық негіздердің дамуы, білім парадигмасы туралы түсініктер, жоғарғы мектепті басқару жөнінде, педагогика туралы, жоғарғы білім жүйесінде мамандарды дайындау сұрақтары.

3.4 Пәнді қысқаша сипаттау: “Педагогика” жоғары білім берудің проблемаларын шешумен қатар жоғары мектеп оқытушыларында магистранттардың жоғары білім мазмұнын игеру процесін басқару іскерліктерін қалыптастырады..

“Педагогика” курсының магистранттарды жоғары оқу орны оқытушылары ретінде дайындау жүйесінде алатын ерекше орны бар. Оның мақсаты - болашақ мамандарды педагогика ғылымдарының теориялық негіздермен қаруландырып, тәрбие мен оқыту процесін нәтижелі ұйымдастыруға қажетті педагогикалық білім, іскерлік және дағды қалыптастыру.

Силлабус жоғары мектеп педагогикасының әдіснамалық негіздерімен қатар жоғары білімнің даму тарихы мен үрдістері, студенттерді оқыту мен тәрбиелеудің мазмұны, принциптері, оқыту мен тәрбиелеу мақсатына байланысты бірқатар мәселелерді зерттеп білуді көздейді.

Силлабус дәрістерден басқа семинар сабақтарын, магистранттардың оқытушымен өз бетімен атқаратын және өз бетімен жұмыстарын қоса ескереді.

«Педагогика» курсы емтихан тапсырумен аяқталады.

Оқыту мақсаты: магистранттарды жоғары оқу орыны оқытушыларының педагогикалық іс-әрекетінде қажетті педагогика ғылымының негіздерімен қаруландыру.

Курстың мақсаты мен міндеттері

Оқыту міндеттері:

- магистранттарға жоғары мектеп педагогикалық процесінің негізгі заңдылықтарын меңгерту;

- оларды педагогикалық процестің әдістері, формалары және құралдары туралы білімдер негізімен қаруландыру;

- магистранттарды өзіндік жұмыс істеуге бағыттау;

- магистранттарда оқытушылық іс-әрекетке қызығушылығын қалыптастыру.

Магистранттардың міндеттері:

- жоғары мектеп педагогикасының негізгі пролемалары туралы ғылыми тұжырымдамаларды меңгеру;

- жоғары мектеп педагогикалық процесінің мәнін, принциптерін, формалары мен әдістерін білуі;

- ғылыми-педагогикалық әдебиеттермен өзіндік жұмыс істеу іскерлігін меңгеру.

Магистрант курсті оқу кезінде келесі талаптарды орындау керек:

• педагогикалық процестің негізгі заңдылықтарына, принциптеріне сәйкес оқу-тәрбие жұмыстарын іске асыруы;

• негізгі сипаттарына сәйкес педагогикалық процестің жағдайын диагностикалауы және оның дамуын болжауы;

• оқу-тәрбие заңдылықтары, принциптеріне сәйкес оқу-тәрбие жұмыстарын жүргізе алуы;

• оқу-тәрбие міндеттерін анықтауы және соған сәйкес формалар мен әдістер таңдауы; ғылыми-педагогикалық әдебиеттермен өзіндік жұмыс жасау.

3.5. Пән бойынша тапсырмаларды орындау және тапсыру кестесі:

№	Жұмыс түрлері	Мазмұны және мақсаты	Ұсынылған әдебиеттер тізіміне сілтеме	Бақылау нысаны (рейтинг-шкалаға сәйкес)	Балл (рейтинг-шкалаға сәйкес)	Есеп беру нысаны	Тапсыру мерзімі
1	2	3	4	5	6	7	8
1	реферат	Пән бойынша алынған теориялық білімдерді талдау, қорыту және бекіту.	3.7 п.қара	Рефератты ауызшақорғау	1,33 -4,0	реферат	Тәжрибелік сабақта оқытушының келісімімен
2	эссе	Пән бойынша алынған теориялық білімдерді талдау, қорыту және бекіту.	3.7 п.қара	Эссені жазбаша түрде қорғау	1,33 -4,0	эссе	Тәжрибелік сабақта оқытушының келісімімен

3.6. Курс саясаты: Магистранттардың міндеті үнемі дәріс, семинар, тәжрибелік сабақтарына кесте бойынша қатысу, пән бойынша тапсырмаларды тапсыру кестесінің талаптарын орындау, кітапханадағы әдебиеттермен өзіндік жұмыс істеу.

Магистранттардың жауапкершілігі кешігуі, сабаққа келмеуі, аудиториядағы қылықтары, басқа да магистранттардың сабақтарды қабылдауы «ҚР ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының ішкі тәртіп ережесімен» қарастырылады.

Егер де мерзімінен кешігіп берілген хаттық жұмысы берілсе де (Пән бойынша тапсырмаларды тапсырмаса және орындау кестесі орындалмаса) білімінің бағалау рейтингі 10% пайызға төмендетіледі.

Магистранттың жеке өзі болмай соңғы бақылау жүргізілмейді. Барлық кезде емтиханда болмау «ҚР ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды Академиясының оқу процесін ұйымдастыру ережесімен» реттеледі. Сабаққа кешігіп келу және сабақты босату, босатылған сабақтарға өтем жасауға рұқсат алу шарты, аралық аттестация, өзіндік жұмыстарды кеш ұсыну, білім алушылардың аудиториядағы тәртібі және т.б.

3.7. Ұсынылған әдебиеттер тізімі

№№ р/н	Автор, атауы	Жылы, басылым орны
1. Нормативтік құқықтық актілер		
1. 2. 3. 4. 5. 6. 7.	Қазақстан Республикасының Конституциясы «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет туралы» Заңы. «Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары туралы» 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Заңы. «Қазақстан Республикасының Құқық қорғау қызметі туралы» 2011 жылғы 06 қаңтардағы Заңы. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы./ «Егемен Қазақстан» , Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясы Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы /	Алматы, 1995. Алматы, 1999г. 23.04.2014 г. 2011.06 қаңтардағы Алматы, 2007 .- 15 тамыз Алматы, 1998 Орталық Қазақстан, 2004.-21 қазан.
2. Негізгі әдебиеттер		
1. 2. 3. 4. 5. 6. 7. 8. 9. 10. 11. 12.	Дьюи Д. Психология и педагогика мышления. Кан-Калик В.А. Грамматика общения Левитан, К.М. Юридическая педагогика: Учебник Педагогика: Учебник /под ред. Баранова В.А./ В.Я. Кикотя, А.С. Столяренко. Юридическая педагогика: Курс лекций Юридическая педагогика: Учебник Психология и педагогика в деятельности сотрудников ГСК и ОВД: Курс лекций Педагогика: Учебник /под ред. В.В.Белоусовой. Әбиев Ж.З. Педагогика; Оқу құралы Педагогика. Курс лекции Зельдович, Б.З. Психология и педагогика в профессиональной деятельности юриста: Учебное пособие Бабанский Ю.К. Педагогика высшей школы. Уч.пособие Ильина Т.А. Педагогика: уч. Пособие	- М., 1997. М., 1986 М. НОРМА,2007. М.;Просвещение, 1986 г М.:ЭКМОС,2000. М.: ЮНИТИ ДАНА,2004. Караганда:Изд-во КВШ ГСК РК,1996. М.: Физк.и спорт 1972 г. Алматы. Дарын. 2004 г. Алматы.РК.2003 г. Моск.академия экономики и права.- М. : Экзамен,2003 Алматы. Мектеп 1989 М.: Просвещение. 1969

13.	Минжанов, Н. А. Педагогическая система профессиональнопсихологической подготовки слушателей учебных заведений ГСК РК к действиям в экстремальных условиях: Учебное пособие	Караганда:Изд-во КВШ ГСК РК,1997
14.	Литвишков, В.М. Психология и педагогика в профессиональной деятельности юриста: Практикум для студентов юридического факультета: Учебно-методическое пособие	М.:Моск.психолого-социальный ин-т,2004
3. Қосымша әдебиеттер		
4. Ғаламтор көзі		
	www.jet.msk.su www.google.kz www.yandex.ru www.referaty.kz www.window.edu.ru/resource/870/58870/files/97.pdf www.for-stydenets.ru/.../lekcii-po-informatike-1-kurs.htm www.is.institute.sfu-kras.ru/node/682	

3.8. «Педагогика» пәні бойынша тақырыптық жоспары (Ғылыми және педагогикалық магистратура)

№	Оқылатын тақырыптардың тізімі	Дәріс	Сем	Тәж	МОӨЖ	МӨЖ
1	ҚР жоғары білімнің даму стратегиясы.	1	1		2	2
2	Жоғары мектеп педагогикасы – кәсіби маман тәрбиелеу туралы ҒЫЛЫМ	1	1		2	2
3	Жоғары мектеп педагогикасының әдіснамалық негіздері			2	2	2
4	Педагогика тарихы		1	1	2	2
5	Тұтас педагогикалық процесс – оқыту, тәрбиелеу, дамыту процестерінің үйлесімді бірлігі		1	1	2	2
6	Педагогикалық іс-әрекет құрылымы.		1	1	2	2
7	Жоғары мектептегі оқыту теориясы			2	2	2
8	Жоғары мектептегі оқыту әдістері.	1	1		2	2
9	Оқытудың белсенді әдістері			2	2	2
10	Оқыту процесін кредиттік оқыту	1	1		2	2

	жүйесі негізінде ұйымдастыру					
11	Кредиттік оқыту жүйесі жағдайында оқу процесін ұйымдастыру формалары		1	1	2	2
12	Жоғары оқу орнында кредиттік оқыту жүйесі жағдайындағы педагогикалық бақылау және білімді бағалау			2	2	2
13	Жоғары мектеп – тәрбие мен маман тұлғасын қалыптастырудың әлеуметтік институты	1	1		2	2
14	Жоғары мектептегі заманауи білім беру технологиялары		1	1	2	2
15	Білім берудегі менеджмент			2	2	2
	Барлығы	5	10	15	30	30

3.9.Сабақ жоспары.

№1 дәріс тақырыбы. ҚР жоғары білімнің даму стратегиясы.

Дәріс – 1 сағат

1. Жоғары білімнің қазіргі замандағы ролі.
2. Қазақстан Республикасының жоғары білім саласындағы мемлекеттік саясаты.

1. Жоғары білімнің қазіргі замандағы ролі.

Жоғары білімнің әлеуметтік маңызы. Жоғары білім беру жүйесін жетілдіру жолдары: оқытуды компьютерлендіру, кәсіби бағыттау, ізгілендіру. Жоғары білімді кәсіби бағыттау - өндірістің, ғылымның және оқытудың интеграциясы. Жоғары білімді ізгілендіру – жас мамандардың адамгершілік және эстетикалық мәдеиетін қалыптастыру. Әлемдік білім беру кеңістігіне интеграция. Болон процесі.

2. Қазақстан Республикасының жоғары білім саласындағы мемлекеттік саясаты.

«Білім беру жүйесі» туралы түсінік. Көпдеңгейлік жоғары білім беру жүйесі. Көпдеңгейлік жоғары білім беру жүйесі мақсаты – қоғам мен жеке тұлғаның мәдени және білімге деген қажеттіліктерін қанағаттандырудағы жоғары мектептің мүмкіндіктерін кеңейту.

№2 дәріс тақырыбы. Жоғары мектеп педагогикасы – кәсіби маман тәрбиелеу туралы ғылым

Дәріс – 1 сағат

1. Кәсіби білімнің мәні мен мазмұны.
2. Жоғары мектеп педагогикасы пәні, міндеттері, негізгі категориялары.
3. Педагогика ғылымының жүйесі.

1. Кәсіби білімнің мәні мен мазмұны.

Кәсіби білімнің мазмұны – педагогикалық проблема. Білімнің, техниканың және өндірістің интеграциясы жағдайындағы кәсіби білім

мазмұнының компоненттері. Кәсіби білім мазмұнын анықтаудың әдіснамалық негіздері. Жоғары кәсіби білім стандарттары. Жоғары мектептегі оқыту жоспарлары мен бағдарламалары.

2. Жоғары мектеп педагогикасы пәні, оның негізгі ұғымдары.

Жоғары мектеп педагогикасы пәні, ұғымдары (тәрбие, оқыту, білім беру, педагогикалық процесс) олардың байланысы. Педагогика ғылымының пәнаралық түсініктерді өзара байланысын қолдану. (тұлға, іс-әрекет, қарым-қатынас, даму, қалыптастыру).

3. Педагогика ғылымының жүйесі.

Педагогика ғылымының салалары: жас ерекшелігі педагогикасы, кәсіби педагогика, педагогика тарихы, этнопедагогика және т.б.. Педагогиканың басқа ғылымдармен байланысы.

№3 дәріс тақырыбы. Жоғары мектеп педагогикасының әдіснамалық негіздері

Дәріс – 1 сағат

1. Педагогика ғылымының әдіснамасы туралы жалаы түсінік.
2. Ғылыми-педагогикалық зерттеудің логикасы мен құрылымы.
3. Ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістері.
4. Студенттің білім беру процесіндегі ғылыми-зерттеу жұмысы.

1. Педагогика ғылымының әдіснамасы туралы жалаы түсінік.

Педагогика ғылымындағы “әдіснама” туралы түсінік. Әдіснама деңгейлері. Педагогиканың философиялық негіздері. заңдары, заңдылықтары. Диалектика заңдары. Таным теориясы. Тұлға теориясы. Іс-әрекет теориясы.

2. Ғылыми-педагогикалық зерттеудің логикасы мен құрылымы.

Педагогикалық зерттеудің мәні. Ғылыми-педагогикалық зерттеудің деңгейлері. Ғылыми-педагогикалық зерттеу логикасы. Ғылыми-педагогикалық зерттеулердің әдіснамалық сипаттамалары.

3. Ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістері.

Ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістері туралы жалпы түсінік. Ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістері: теориялық әдістер, эмпириялық әдістер, математикалық әдістер.

4. Тындаушылардың білім беру процесіндегі ғылыми-зерттеу жұмысы.

Магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмысы туралы түсінік. Ғылыми баяндама, мақала, жоба және магистрлік диссертация жазуға қойылатын талаптар.

№4 дәріс тақырыбы. Педагогика тарихы

Дәріс – 1 сағат

1. Батыс Еуропа елдеріндегі тәрбиенің, мектептің және педагогикалық ойлардың дамуы.
2. Ресейдегі және Орта Азиядағы тәрбие, мектеп және педагогикалық ойлар.

3. Қазақстандағы тәрбие, мектеп және педагогикалық ойлар.

1.Тәрбиенің, мектептің және педагогикалық ойлардың пайда болуы.

Тәрбиенің пайда болуы. Оның мақсатты процесс ретінде дамуы. Халықтық педагогика. Ғылыми педагогиканың пайда болуы.

2. Батыс Европа елдеріндегі тәрбиенің, мектептің және педагогикалық ойлардың дамуы.

Қайта Өрлеу дәуіріндегі Батыс Европа елдеріндегі тәрбиенің, мектептің және педагогикалық ойлардың дамуы. 17-20 ғасырларда Батыс Еуропа мен АҚШ-тағы педагогикалық практика мен теорияның дамуы.

3. Ресейдегі және Орта Азиядағы тәрбие, мектеп және педагогикалық ойлар.

17-20 ғасырларда Ресейде тәрбиенің, мектептің және педагогикалық ойлардың дамуы. К.Д.Ушинскийдің педагогикалық жүйесі. 17-20 ғасырлардағы Орта Азиядағы педагогикалық практика мен идеялардың дамуы.

4. Қазақстандағы тәрбие, мектеп және педагогикалық ойлар.

Орта ғасырдағы Қазақстандағы педагогикалық ойлар. 19 ғ.- 20 ғ. басындағы Қазақстандағы мектеп пен педагогикалық идеялардың дамуы. 1920-2005 жылдардағы Қазақстандағы білім жүйесінің дамуы.

№5 дәріс тақырыбы. Тұтас педагогикалық процесс - оқыту, тәрбиелеу, дамыту процестерінің үйлесімді бірлігі.

Дәріс – 1 сағат

1. Педагогикалық процесс - мұғалімнің іс-әрекетінің объектісі.

2. Педагогикалық процесстің мәні, оның құрылым компоненттері.

3. Педагогикалық процесстің қозғаушы күштері.

4. Педагогикалық процесстің заңдылықтары мен принциптері.

1. Педагогикалық процесс - мұғалімнің іс-әрекетінің объектісі.

Педагогикалық процесс түсінігінің мұғалім іс-әрекетінің объектісі ретінде қалыптасу тарихы. Педагогикалық процесс - күрделі, дамушы жүйе. Педагогикалық процесстің тұлға қалыптасуындағы ролі. Педагогикалық процеске әр-түрлі көзқарастар.

2. Педагогикалық процесстің мәні,оның құрылым компоненттері.

Педагогикалық жағдай – педагогикалық процесстің элементарлық «бірлігі». Тұтас педагогикалық процесстің функцияларының бірлігі және өзара байланысы. Педагогикалық процесстің компоненттері.

3. Педагогикалық процесстің қозғаушы күштері.

Педагогикалық процесстің тәрбие механизмдері. Қарама-қайшылықтар – педагогикалық процесстің қозғаушы күштері.

4. Педагогикалық процесстің заңдылықтары мен принциптері.

Заңдылық – объективті, тұрақты, маңызды қайталанатын байланыстар. Педагогикалық процесс заңдылықтары - оның компоненттері арасындағы байланыстар. Тұтас педагогикалық процесс принциптері оны ұйымдастыруға қоятын негізгі талаптар, ұстанатын негізгі қағидалар.

№6 дәріс тақырыбы. Педагогикалық іс-әрекет құрылымы.

Дәріс – 1 сағат

1. Ұйымдастырушылық-басқарушылық іс-әрекет - педагогикалық акт.
2. Педагогтің өзіндік санасы және педагогикалық іс-әрекет құрылымы.
3. Педагогтің кәсіби құзіреттілігі.

1. Ұйымдастырушылық-басқарушылық іс-әрекет - педагогикалық акт.

Педагогикалық іс-әрекет бірнеше іс-әрекеттердің күлделі ұйымдастырылған жүйесі: оқыту іс-әрекеті, әдіскер іс-әрекеті, іс-әрекетті бағдарламалау, оқыту бағдарламаларын құру іс-әрекеттері. Оқыту процесін басқару. Оқыту процесін басқарудың ерекше белгілері.

2. Педагогтің өзіндік санасы және педагогикалық іс-әрекет құрылымы.

Жоғары мектеп оқытушысының функциялары. Жоғары мектеп оқытушысының негізгі функцияларын іске асырудағы педагогтің кәсіби маңызды қасиеттері мен педагогикалық қабілеттері. Педагогикалық қабілет компоненттері.

3. Педагогтің кәсіби құзіреттілігі.

Жоғары мектеп оқытушысының кәсіби құзыреттілігінің құрылымы. Жоғары мектеп оқытушысының теориялық даярлығының мазмұны. Жоғары мектеп оқытушысының практикалық даярлығының мазмұны.

№7 Дәріс тақырыбы. Жоғары мектептегі оқыту теориясы

Дәріс – 1 сағат

1. Жоғары мектеп дидактикасы туралы жалпы түсінік.
2. Оқыту процесінің заңдылықтары мен принциптері.
3. Жоғары мектепте оқытудың заманауи дидактикалық тұжырымдамалары

1. Жоғары мектеп дидактикасы туралы жалпы түсінік.

Жоғары мектеп дидактикасы негізгі екі сұраққа жауап іздейді: нені оқыту? Қалай оқыту? Жоғары мектеп дидактикасының категориялары: оқыту, білім беру, оқыту әдісі, формасы, заңдылықтары, принциптері және т.б.

Оқыту – оқушылар тұлғасын, оларда білім, імкерлік және дағдыларды меңгерте отырып мақсатты қалыптастыру және дамыту процесі. Оқыту процесінің жүйе құраушы түсініктері: оқыту мақсаты, оқыту іс-әрекеті, оқу іс-әрекеті және оқыту нәтижесі. Оқыту процесінің өзгеріп отыратын бөліктері: оқу материалдарының мазмұны, оқыту әдістері және құралдары, ұйымдастыру формалары. Оқыту процесінің функциялары: білімділік, тәрбиелік және дамытушылық.

2. Оқыту процесінің заңдылықтары мен принциптері.

Оқыту заңдылықтарында оқыту процесінде объективті, мәнді, қажетті, қайталанатын байланыстар бейнеленеді. Оқыту принциптері – оқыту процесін ұйымдастыруға қойылатын талаптар, мұғалім өз іс-әрекетінде басшылыққа алатын негізгі ережелер. Оқыту принциптері: ғылымилық,

көрнекілік, беріктік, жүйелілік және бірізділік, саналылық және белсенділік, шамаға лайықтық.

3. Жоғары мектепте оқытудың заманауи дидактикалық тұжырымдамалары

Дамыта оқыту тұжырымдамалары: Л.В.Занков, З.И.Калмыкова, Л.М.Фридман, Н.Н.Поспелов, Е.Н.Кабанова – Меллер тұжырымдамалары. Мазмұндық оқыту, мәселелік оқыту тұжырымдамалары, т.б.

Тұлғалық-дамытушылық оқыту теориясын жасаудың заманауи тұрғылары. Ынтымақтастық педагогикасы (Ш.А.Амонашвили, С.Н.Лысенкова, И.П.Волков, В.Ф.Шаталов, т.б.). Оқыту процесіндегі инновациялық өзгерістер: тұлғалық-бағыттылық тұрғы.

№8 дәріс тақырыбы. Жоғары мектептегі оқыту әдістері.

Дәріс – 1 сағат

1. Тұтас педагогикалық процестегі оқыту әдістерінің алатын орны.
2. Оқыту әдістерін жіктеудегі әртүрлі көзқарастар.
3. Оқыту әдістеріне сипаттама.
4. Оқытудағы әдістерін таңдау проблемасы.

1. Тұтас педагогикалық процестегі оқыту әдістерінің алатын орны.

Оқыту әдістері туралы жалпы түсінік. Оқыту әдісі және тәсілі. Оқыту әдістерінің объективтілік және субъективтілік жақтары.

2. Оқыту әдістерін жіктеудегі әртүрлі көзқарастар.

Оқыту әдістерін әртүрлі негіздер бойынша жіктеу: білім көзі бойынша, оқушылардың танымдық іс-әрекеті түрі бойынша және т.б.

3. Оқыту әдістеріне сипаттама.

Түсіндіру, әңгіме, әңгімелесу, кітаппен жұмыс, бақылау және өзін-өзі бақылау әдістері. Оқытудың белсенді әдістері.

4. Оқытудағы әдістер мен құралдарды таңдау проблемасы.

Дәстүрлі және дәстүрлі емес оқыту әдістерінің үйлесімділігі. Шет елдер мектептеріндегі оқыту әдістері, оларды қолдану мүмкіншілігі. Ю.К.Бабанский бойынша «оқыту әдісін қолайлы таңдаудың» жет қдам алгоритмі.

№9 дәріс тақырыбы. Оқытудың белсенді әдістері

Дәріс – 1 сағат

1. Іскерлік ойындары
2. Сезімталдықты жаттықтыру
3. Нақтылы жағдайлар
4. Инцидент әдісі

1. Іскерлік ойындары

Ойын туралы жалпы түсінік. Ойын іс-әрекетінің қызметі: көңіл көтерушілік, коммуникативтік, өзін-өзі қалыптастыру, ойынтераптикалық. Ойын құрылымы. „Педагогикалық ойын“ және „ойындық технология“ ұғымдары. Ойындық технологиялардың тұжырымдамалық негіздері.

Ойындық технологиялар типологиясы: дайындық, өткізу, талдау кезеңдері. Ойындық технологиялардың артықшылығы.

2. Сезімталдықты жаттықтыру

Сезімталдықты жаттықтыру – әлеуметтік-психологиялық тренинг. Бұл әдістің мақсаты, оның артықшылығы. Тренингке қатысушылар. Жүргізушінің (жаттықтырушының) қызметі. Тренингті өткізу тәртібі.

3. Нақтылы жағдайлар

„Нақтылы педагогикалық жағдай“ түсінігі. Бұл әдістің артықшылығы. Қарым-қатынас стратегиясына тән қателер. Педагогикалық жағдайлар әдісінің өткізу кезеңдері.

4. Инцидент әдісі

„Инцидент әдісі“ түсінігі. Бұл әдістің мәні. Және оны көкекестілеу

№10 дәріс тақырыбы. Оқыту процесін кредиттік оқыту жүйесі негізінде ұйымдастыру

Дәріс – 1 сағат

1. Жоғары оқу орынындағы кредиттік оқыту технологиясының негізі.
2. Оқытушының кредиттік оқыту технологиясы жағдайындағы қызметі.
3. Эдвайзер, тьютор, офис-тіркеушінің қызметі.

1. Жоғары оқу орынындағы кредиттік оқыту технологиясының негізі.

Кредиттік оқыту жүйесі туралы түсінік. Оны жоғары мектепке еңгізудің нормативтік базасы. Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету. Кредиттік оқыту жүйесінің ұғымдық аппараты.

2. Оқытушының кредиттік оқыту технологиясы жағдайындағы қызметі.

Жоғары мектеп оқытушыларына қойылатын талаптар. Лектордың қызметі. Дәріс оқу құқығын беру.

3. Эдвайзер, тьютор, офис-тіркеушінің қызметі.

„Эдвайзер“, „тьютор“, „офис-тіркеуші“ ұғымдары. Эдвайзер қызметі. Оған қойылатын талаптар. Тьютор қызметі. Оған қойылатын талаптар. Офис-тіркеуші қызметі. Оған қойылатын талаптар. Кредиттік оқыту жүйесінде оқыту процесін қамтамасыз ету үшін оқу-әдістемелік материалдарды жасау технологиясы.

№11 дәріс тақырыбы. Жоғары мектептегі оқытуды ұйымдастыру формалары.

Дәріс – 1 сағат

1. Жоғары мектептегі оқытуды ұйымдастыру формасы туралы жалпы түсінік.

2. Дәріс. Дәріс түрлері және құрылымы.
3. Жоғары мектептегі практикалық сабақтар.
4. Білім алушылардың өзіндік жұмыстары

1. Жоғары мектептегі оқытуды ұйымдастыру формасы туралы жалпы түсінік.

Форма – сыртқы көрініс, белгіленген тәртіп. Форма – мазмұнның ішкі ұйымдастырылуы. “Оқытуды ұйымдастыру формасы – алдын-ала белгіленген тәртіппен және режиммен реттелетін оқушылар мен мұғалімнің өзара қимылдары”. ЖОО оқытуды ұйымдастыру формалары: дәріс, семинар, Зертханалық сабақ, магистранттардың өзіндік жұмыстары.

2. Дәріс. Дәріс түрлері және құрылымы.

Дәріс – оқытушының негізінен теориялық сипаттағы оқу материалдарын жүйелі, бірізді монолог түрінде мазмұндауы. Дәріске қарсылар оның келесі кемшіліктерін көрсетеді:

өзгенің ойын пассивті түрде қабылдауға үйретеді;
магистранттардың өзіндік жұмысын тежейді.

Дегенмен, оқу материалдарын жүйелі меңгеруде дәрістің орны ерекше.

Дәріс түрлері: дәстүрлі, кіріспе, шолу және т.б..

Дәріс құрылымы: мақсаты, жоспары, тақырыпқа байланысты әдебиеттер тізімі, әр сұрақтан кейінгі қысқаша қорытынды, лекция соңындағы жалпы қорытынды.

Дәріс сапасын бағалау критериілері: мазмұны, оқу әдістемесі, магистранттардың жұмысын басқару, оқытушының лекторлық шеберлігі, дәрістің нәтижелілігі.

3. Жоғары мектептегі практикалық сабақтар.

Жоғары мектептегі практикалық сабақтардың мәні студенттерге пәнді тереңдете игерту. Практикалық сабақ барысында студенттерде игерілген теориялық білімдерді практикалық міндеттерді шешуге пайдалану іскерліктері қалыптасады. Практикалық сабақтың мақсаты лекцияда игерілген білімдерді тереңдету, кәсіби іс-әрекетке қажетті іскерліктер қалыптастыру.

Семинар – жоғары мектептегі практикалық сабақтардың негізгі түрлерінің бірі. Семинар сабақтарында келесі педагогикалық міндеттер шешіледі:

шығармашылық кәсіби ойлауды дамыту;

танымдық мотивацияны дамыту;

оқу жағдайларында білімдердерді кәсіби міндеттерді шешуге қолдану.

Сонымен қатар семинар сабағында білімді бекіту, бақылау міндеттері де шешіледі. Семинар түрлері: просеминар, семинардың өзі және арнайы семинар. Семинарда магистранттардың іс-әрекеттерін ұйымдастыру түрлері.

Зертханалық сабақтар магистранттардың теориялық білімдері мен практикалық іскерліктері және дағдыларын оқу-зерттеушілік сипаттағы бір процесте біріктіреді. Зертханалық жұмыстардың оқу мамандықтарына байланысты ерекшеліктері бар.

Семинар сапасын бағалау критериілері: мақсаттылығы, жоспарлау, семинарды ұйымдастыру, семинарды өткізу стилі, “Оқытушы - студент” қарым-қатынасы, топты басқару, оқытушы ескертулері.

4. Магистранттардың өзіндік жұмыстары.

Магистранттардың өзіндік жұмыстары – оқытушының тапсырмасы және әдістемелік басшылығымен, бірақ оның тікелей қатысуынсыз орындалатын

магистранттардың жоспарланған жұмыстары. Магистранттардың өзіндік жұмыстарының деңгейлері:

- репродуктивтік;
- реконструктивтік;
- шығармашылық, ізденімпаздық.

Магистранттардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру үшін кафедрада өзіндік жұмыстар үшін тапсырмалар жүйесі, рефераттар, баяндамалар, курстық жұмыс тақырыптары, оларды орындаға арналған әдістемелік нұсқаулар, СӨЖ-ді тапсыру графиктері жасалынады.

№12 дәріс тақырыбы. Жоғары оқу орнында кредиттік оқыту жүйесі жағдайындағы педагогикалық бақылау және білімді бағалау

Дәріс – 1 сағат

1. Педагогикалық диагностика мәні, функциялары және принциптері.
2. Жоғары мектептегі бақылау түрлері және әдістері.
3. Тестілеу.

1. Педагогикалық диагностика мәні және функциялары.

Педагогикалық диагностиканың дәстүрлі бақылаудан мәні кең. Педагогикалық диагностика -педагогикалық процестің жүру жағдайларын оның нәтижелерімен бірлікте анықтау. Педагогикалық диагностика нәтижеге жету жолдарын, даму динамикасын бірге қарастырады. Педагогикалық диагностика функциялары: білімділік, тәрбиелілік, дамытушылық, ынталандыру және болжаулық.

Педагогикалық диагностика принциптері: объективтілігі, жүйелілігі, ашықтылығы.

2. Жоғары мектептегі бақылау түрлері және әдістері.

Жоғары мектептегі бақылау түрлері: ағымдық, аралық және қорытынды. Жоғары мектептегі бақылау әдістері: ауызша бақылау әдістері, жазбаша бақылау әдістері, тестілеу.

3. Тестілеу.

Тест – оқыту мазмұнының белгілі бір бөлігін игеруденгеін анықтау арналған стандартандырылған тапсырмалар жиынтығы. Тест түрлері. Тест құрастыруға қойылатын талаптар. Тест сапасын анықтайтын критериілер: мықтылығы, валидтілігі, объективтілігі.

№13 дәріс тақырыбы. Жоғары мектеп – тәрбие мен маман тұлғасын қалыптастырудың әлеуметтік институты

Дәріс – 1 сағат

1. Жоғары мектепте тәрбие жұмысының мәні және негізгі бағыттары
2. Тәрбие принциптері туралы жалпы түсінік.
3. Тәрбие заңдылықтары мен принциптерінің өзара байланысы.
4. Тәрбие принциптеріне сипаттама.

1. Жоғары мектепте тәрбие жұмысының мәні және негізгі бағыттары

„Тәрбие“ ұғымы кең және тар педагогикалық мағынада. ЖОО тәрбие жұмысының мәні мен ерекшелігі. Жоғары мектептегі тәрбие жұмысының негізгі бағыттары.

2. Тәрбие принциптері туралы жалпы түсінік.

Тәрбие принциптерін анықтау –маңызды әдіснамалық және ғылыми-теориялық мәселелердің бірі. Тәрбие принциптерін құрудың негізі - тәрбиенің объективті заңдылықтары.

3. Тәрбие заңдылықтары мен принциптерінің өзара байланысы.

“Тәрбие заңдылығы”, “тәрбие принципі”, “тәрбие ержелері” түсініктері, олардың өзара байланыстары.

4. Тәрбие принциптеріне сипаттама.

Тәрбие принциптері:

тәрбиенің мақсаттылығы және өмірмен байланысы;

студент тұлғасын қалыптастыратын баолық факторлардың өзара байланысы және кешенділігі;

ұжымда тәрбиелеу және т.б..

№14 дәріс тақырыбы. Жоғары мектептегі заманауи білім беру технологиялары.

Дәріс – 1 сағат

1. Педагогикалық технологиялар туралы жалпы түсінік.

2. Жоғары мектепте қолданылатын педагогикалық технологиялар

3. Жоғары мектепте қолданылатын педагогикалық технологиялар, оларға сипаттама.

1. Педагогикалық технологиялар туралы жалпы түсінік.

Оқыту технологиясы - негізгі міндеті оқытуды қолайлыландыру болып табылатын, техника және адам ресурстарын және олардың өзара әрекетін есепке ала отырып, бүкіл оқыту мен білімді игеру процесін құрудың, қолданудың және анықтаудың жүйелілік әдісі.

Оқыту технологиясы, бір жағынан, оқыту ақпараттарын өңдеу, беру, өзгерту әдістері мен құралдары жиынтығы, екінші жағынан, оқыту процесі барысында техникалық және ақпараттық құралдар қолдану арқылы оқытушының студенттерге ықпал ету амалдары туралы оқу. Сонымен, оқыту технологиясы қойылған мақсатқа тиімді жетуді қамтамасыз ететін оқыту формалары, әдістері және құралдары жүйесі.

Жоғары мектепте қолданылатын оқыту технологияларын жіктеу.

2. Жоғары мектепте қолданылатын педагогикалық технологиялар, оларға сипаттама.

Жоғары мектепте қолданылатын оқыту технологиялары: бағдарламалап оқыту, проблемалық оқыту, модульдік оқыту және т.б. Жоғары мектептің оқыту процесінде ақпараттық оқыту технологияларын қолдану. Қашықтықтан оқыту технологиясы. Кредиттік оқыту жүйесі.

№15 дәріс тақырыбы. Білім берудегі менеджмент

Дәріс – 1 сағат

1. Білім беру жүйесінің нормативтік базасы
2. Білім беру жүйесі және ұйымдары
3. Жоғары білім жүйесінің даму үрдістері

1. Білім беру жүйесінің нормативтік базасы

ҚР „Білім туралы“ Заңы. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптері. Жоғары білім жүйесі қызметкерлеріне жүктелген міндеттерге сипаттама. Білім берудің мемлекеттік стандарты. Оларға талап. Оқу жоспары және оқу бағдарламасы туралы түсінік.

2. Білім беру жүйесі және ұйымдары

Қазақстан білім беру жүйесінің өзара әрекет етуші білім беру ұйымдарының жиынтығы ретінде. Білім беру ұйымдары: 1) мектепке дейінгі, мектептен тыс және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар үшін ұйымдар; 2) жалпы орта, бастауыш кәсіптік, орта кәсіптік, жоғары кәсіптік, жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік және кәсіптік қосымша кәсіптік білім берудің бағдарламаларын іске асыратын оқу орындары. Оқу орындарының негізгі түрлері.

3. Жоғары білім жүйесінің даму үрдістері

Білім беруді жетілдірудің факторлары. Білім беру дамыту үрдістері. Жоғары білім беруді дамыту үрдістері.

Ұсынылған әдебиеттер тізімі: Силлабустың 3.7. бөлімінен қараңыз

Семинар (тәжірибелік) сабақтардың жоспары

№1 тақырыбы. ҚР жоғары білімнің даму стратегиясы.

Семинар – 1 сағат

1. Жоғары білімнің қазіргі замандағы ролі.
2. Қазақстан Республикасының жоғары білім саласындағы мемлекеттік саясаты.

Сұрақтар:

1. Білім беру жүйесі дегеніміз не?

2. Қазақстан Республикасының жоғары білім беру жүйесін жетілдірудің негізгі бағыттарын атаңыз.

3. Білім берудің мемлекеттік стандарты дегеніміз не?

4. Магистранттың құқы мен міндеттерін анықтаңыз.

Әдістемелік нұсқаулар: Тақырып бойынша «Білім беру жүйесі», «университет», «академия», «институт», «білім берудің мемлекеттік стандарты» негізгі түсініктерінің мәнін толық, жан-жақты түсіну үшін оқулықтармен қатар ресми мемлекеттік құжаттарды да пайдалану керек.

№2 тақырыбы Жоғары мектеп педагогикасы – кәсіби маман тәрбиелеу туралы ғылым

Семинар – 1 сағат

1. Кәсіби білімнің мәні мен мазмұны.
2. Жоғары мектеп педагогикасы пәні, міндеттері, негізгі категориялары.
3. Педагогика ғылымының жүйесі.

Сұрақтар:

1. Педагогика ғылымының зерттеу объектісін атаңыз?
2. Педагогиканың зерттеу пәні не?
3. Педагогиканың негізгі категорияларына анықтама беріңіз.
4. Педагогиканың басқа ғылымдармен байланысының мәнін ашыңыз.
5. Педагогиканың міндеттері қандай,
6. Жоғары мектеп оқытушысының кәсіби даярлығында педагогикалық теорияның маңызы қандай?

Әдістемелік нұсқаулар: Оқу материалдарын негізгі түсініктердің мазмұнын игерумен және құбылыстардан, процестерден нақты мысалдар келтіру арқылы бекіту керек.

№3. Тақырыбы. Жоғары мектеп педагогикасының әдіснамалық негіздері

Тәжірибелік сабақ – 1 сағат

1. Педагогика ғылымының әдіснамасы туралы жалаы түсінік.
2. Ғылыми-педагогикалық зерттеудің логикасы мен құрылымы.
3. Ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістері.
4. Тындаушының білім беру процесіндегі ғылыми-зерттеу жұмысы.

Сұрақтар:

1. Педагогикалық іс-әрекеттегі ғылыми зерттеулердің ролінің мәні неде?
2. Диалектиканың заңдарын атаңыз.
3. Педагогикалық зерттеу әдісі деп не аталады?
4. Педагогикалық зерттеуге жүйелік-структуралық тұрғыдан қараудың мәні қандай?
5. Оқушыларды зерттеудегі зерттеу әдістерін сипаттап беріңіз.
6. Педагогикалық процесті диагностикалауда зерттеу әдістерінің ролін сипаттаңыз.
7. Педагогикалық зерттеуге тұлғалық, іс-әрекеттік тұрғыдан қараудың мәні не?

Тапсырмалар:

Тапсырма 1. Негізгі түсініктерді анықтаңыз: ғылым әдіснамасы, ғылыми-зерттеу әдістері.

Тапсырма 2. Нақты зерттеу тақырыбы бойынша зерттеудің мақсатын, міндеттерін анықтаңыз және зерттеу әдістерін таңдаңыз.

Әдістемелік нұсқаулар: Оқу материалдарын негізгі түсініктердің мазмұнын игерумен және құбылыстардан, процестерден нақты мысалдар келтіру арқылы бекіту керек.

№4 тақырыбы. Педагогика тарихы

Семинар – 1 сағат

1. Тәрбиенің, мектептің және педагогикалық ойлардың пайда болуы.
4. Батыс Еуропа елдеріндегі тәрбиенің, мектептің және педагогикалық ойлардың дамуы.
5. Ресейдегі және Орта Азиядағы тәрбие, мектеп және педагогикалық ойлар.
6. Қазақстандағы тәрбие, мектеп және педагогикалық ойлар.

Сұрақтар:

1. «Педагогика», «этнопедагогика», «тәрбие» түсініктеріне анықтама беріңіз.
2. Ежелгі Греция мемлекеттеріндегі (Афины, Спарта) тәрбие жүйелерінің ерекшеліктерін атаңыз.
3. Ежелгі грек философтарының (Демокрит, Сократ, Аристотель, Платон, және басқалар) тәрбие туралы көзқарастарын сипаттаңыздар.

Тәжірибелік сабақ – 1 сағат

Тапсырмалар:

Тапсырма 1. Ежелгі грек философтарының (Демокрит, Сократ, Аристотель, Платон, Цицерон, Сенека және басқалар) тәрбие туралы сздерін жинақтаңыздар.

Тапсырма 2. Ежелгі Египеттегі, Ежелгі Индиядағы, Қытайдағы Араб Халифатындағы тәрбие туралы материалдар жинаңыз.

Әдістемелік нұсқаулар: Оқу материалдарын негізгі түсініктердің мазмұнын игерумен және құбылыстардан, процестерден нақты мысалдар келтіру арқылы бекіту керек.

№5 тақырыбы Тұтас педагогикалық процесс - оқыту, тәрбиелеу, дамыту процестерінің үйлесімді бірлігі.

Семинар – 1 сағат

1. Педагогикалық процесс - мұғалімнің іс-әрекетінің объектісі.
2. Педагогикалық процестің мәні, оның құрылым компоненттері.
3. Педагогикалық процестің қозғаушы күштері.
4. Педагогикалық процесстің заңдылықтары мен принциптері.

Сұрақтар:

1. Педагогикалық процестің мәні не?
2. Педагогикалық процестің құрылымы қандай?

3. Педагогикалық процестің функцияларын атаңыз.
4. Педагогикалық процестің қозғаушы күштерін атаңыз.
5. Тұтас педагогикалық процестің құрылымы неліктен мақсаттық және мазмұндық компоненттерге бөлінеді?
6. Педагогикалық процестің жағдайын диагностикалау және болжаудың қандай проблемалары бар?

Тәжірибелік сабақ – 1 сағат

Тапсырмалар:

Тапсырма 1. Негізгі түсініктерді анықтаңыз: педагогикалық процесс, «оқытушы-студент» жүйесі, «субъект-объектілік қарым-қатынас», педагогикалық жағдай, қозғаушы күш, диагностика, болжау.

Тапсырма 2. Педагогикалық процестің негізгі тәрбиелік механизмдерін атаңыз.

Әдістемелік нұсқаулар: Оқу материалдарын негізгі түсініктердің мазмұнын игерумен және құбылыстардан, процестерден нақты мысалдар келтіру арқылы бекіту керек.

№6 тақырыбы. Педагогикалық іс-әрекет құрылымы.

Семинар – 1 сағат

1. Ұйымдастырушылық - басқарушылық іс-әрекет- педагогикалық акт.
2. Педагогикалық іс-әрекет құрылымы.
3. Педагогтің кәсіби құзіреттілігі.

Сұрақтар:

1. Педагог функцияларын атаңыз?
2. Педагогикалық процесті басқаруда оқытушы атқаратын функциялар?
3. Педагогтің кәсіби қажетті қасиеттерін атаныз?
4. Педагогтің кәсіби құзіреттілігінің мәні қандай?
5. Кәсіби педагогикалық этика дегеніміз не?
6. Педагогикалық «такт» дегеніміз не?

Тәжірибелік сабақ – 1 сағат

Тапсырмалар:

Тапсырма1. Негізгі ұғымдарды анықтаныз: педагогикалық процесс, профессионаграмма, педагогикалық қабілет және іскерлік, педагогикалық этика, такт және шеберлік.

Тапсырма2. Педагогтің кәсіби құзіреттілігінің құрылымын анықтаңыз?

Әдістемелік нұсқаулар: Оқу материалдарын негізгі түсініктердің мазмұнын игерумен және құбылыстардан, процестерден нақты мысалдар келтіру арқылы бекіту керек.

№7. Тақырыбы. Жоғары мектептегі оқыту теориясы

Тәжірибелік сабақ – 2 сағат

1. Жоғары мектеп дидактикасы туралы жалпы түсінік.

2. Оқыту процесінің заңдылықтары мен принциптері.

3. Жоғары мектепте оқытудың заманауи дидактикалық

тұжырымдамалары

Сұрақтар:

1. Дидактика қандай сұрақтарға жауап іздейді?

2. Оқыту процесінің екі жақтылығының мәнін түсіндіріңіз.

3. Таным мен оқыту процесстері өзара қалай байланысады?

4. Оқыту мен дамудың өзара байланысы қандай?

5. Дамыта оқыту тұжырымдамаларына қандай теориялар жатады?

6. «Ынтымақтастық педагогика» дегеніміз не?

Тапсырмалар:

Тапсырма 1. Оқытудың негізгі функцияларына сипаттама беріңіз.

Тапсырма 2. Оқыту принциптерін іске асыру жолдары туралы педагогикалық практикадан мысалдар келтіріңіз.

Тапсырма 3. Тұлғалық – дамытушылық оқыту теорияларын шолу жасаңыз.

Әдістемелік нұсқаулар: Оқу материалдарын негізгі түсініктердің мазмұнын игерумен және құбылыстардан, процестерден нақты мысалдар келтіру арқылы бекіту керек.

№8 тақырыбы. Жоғары мектептегі оқыту әдістері.

Семинар – 1 сағат

1. Тұтас педагогикалық процестегі оқыту әдістерінің алатын орны.

2. Оқыту әдістерін жіктеудегі әртүрлі көзқарастар.

3. Оқыту әдістеріне сипаттама.

4. Оқытудағы әдістерін таңдау проблемасы.

Сұрақтар

1. Оқыту әдісіне берілген әртүрлі анықтамаларды айтыңыз.

2. Жоғары мектептегі оқыту әдістеріне сипаттама беріңіз.

3. Оқыту әдістерін педагогтың тиімді таңдауы шарттарын атаңыз.

Тапсырмалар:

Тапсырма 1. Оқыту әдістері жіктеулеріне әр түрлі салыстырма баға беріңіз.

Тапсырма 2. «Оқыту әдістері жіктеу» схемасын жасаңыз.

Әдістемелік ұсыныстар: Оқу материалын еркін баяндауға педагогикалық басылымдардан мәліметтер жинақтау және сабақта қолдану қажет.

№9. Тақырыбы. Оқытудың белсенді әдістері

Тәжірибелік сабақ – 2 сағат

1. Искерлік ойындары
2. Сезімталдықты жаттықтыру
3. Нақтылы жағдайлар
4. Инцидент әдісі

Сұрақтар

1. Оқытудың белсенді әдістері дегеніміз не? Оларға не жатады?
2. Ойын іс-әрекетіне түсінік беріңіз
3. Ойын іс-әрекетінің функцияларын атаңыз.
4. „Ойын технолоиясы“ дегеніміз не? Оның ерекшеліктері мен артықшылықтары неде?
5. „Сезімталдықты жаттықтыру“ дегеніміз не?
6. Тренингті жүргізушілер мен оған қатысушылардың функциялары қандай?
7. „Педагогикалық жағдай“ әдісінің артықшылықтарын атаңыз.
8. „Инцидент“ әдісінің мәне неде?

Тапсырмалар:

Тапсырма 1. Өз тобыңызбен „сезімталдықты жаттықтыру“ тренингін дайындап, өткізіңіз.

Тапсырма 2. Әзірленген ойын мысалында оның құрылымын ашыңыз.

Тапсырма 3. „Инцидент“ әдісін ойнаңыздар.

Әдістемелік ұсыныстар: Оқу материалын еркін баяндауға педагогикалық басылымдардан мәліметтер жинақтау және сабақта қолдану қажет.

№10 тақырыбы. Оқыту процесін кредиттік оқыту жүйесі негізінде ұйымдастыру

Семинар – 1 сағат

1. Жоғары оқу орынындағы кредиттік оқыту технологиясының негізі.
2. Оқытушының кредиттік оқыту технологиясы жағдайындағы қызметі.
3. Эдвайзер, тьютор, офис-тіркеушінің қызметі.

Сұрақтар

1. Жоғары оқу орнындағы кредиттік оқыту технологиясына сипаттама беріңіз
2. Демалыс күндері (каникул, мереке) көрсетілген, оқу жылы бойында өткізілетін оқу және бақылау іс-шаралары белгіленген күнтізбе қалай аталады?
3. ЖОО профессор – оқытушылар құрамының қандай қызметтері тьютор, лектор ретінде ұсыныла алады?
4. Әрбір магистранттың білім алу траекториясын анықтайтын оқу жоспары қалай аталады?
5. Бекітілген академиялық күнтізбеге сәйкес сабақ жүргізетін оқытушы өткізіп отыратын тексеріс қалай аталады?
6. Мамандықты (пәнді) меңгеруге көмектесетін негізгі оқу-әдістемелік құжаттар кешені қалай аталады?
7. Тьютор қандай сапаға ие болу керек?

Тапсырмалар:

Тапсырма 1. Магистрантың оқытушының оқу жұмысының көлемін өлшеудің бірізділенген (унификацияланған) бірлігі –

1. семестр
2. кредит
3. академиялық сағат

Әдістемелік ұсыныстар: Оқу материалын еркін баяндауға педагогикалық басылымдардан мәліметтер жинақтау және сабақта қолдану қажет.

№11 тақырыбы. Жоғары мектептегі оқытуды ұйымдастыру формалары.

Семинар – 1 сағат

1. Жоғары мектептегі оқытуды ұйымдастыру формасы туралы жалпы түсінік.
2. Дәріс. Дәріс түрлері және құрылымы
3. Жоғары мектептегі практикалық сабақтар.
4. Магистранттардың өзіндік жұмыстары

Сұрақтар:

1. Жоғары мектепте дәрістің ролі қандай?

2. Дәріске қойылатын талаптарды атаңыз?
3. Дәріс құрылымы оның түріне байланысты өзгереді ме? Өз жауабыңызды дәлелдеңіз.

- Проблемалық дәріс;
 - Екі адам оқитын лекция;
 - Алдын-ала жоспарланған қетелермен оқылатын дәріс;
 - Дәріс пресс-конференция
- дәрістерінің ерекшеліктерін атаңыз.

4. Семинар сабақтарының құрылымын көрсетіңіз.
5. Зертханалық сабақтарының ерекшелігі қандай?
6. Магистранттардың өзіндік жұмыстарының мәнін ашыңыз.
7. Магистранттардың өзіндік жұмыстарының түрлерін атаңыз.

Тәжірибелік сабақ – 1 сағат

Тапсырмалар:

Тапсырма 1. Жоғары мектеп педагогикасы пәні бойынша бір тақырыпқа дәріс дайындаңыз.

Тапсырма 2. Жоғары мектеп педагогикасы пәні бойынша семинар садағы жоспарын құрыңыз.

Тапсырма 3. Жоғары мектеп педагогикасы пәні бойынша бір тақырыпқа арналған рефераттар және бандамалар тізімін жасаңыз.

Тапсырма 4. Өз мамандығыңыздың оқу жоспарындағы пәннің бір бөліміне арналған СӨЖ жүйесін құрастырыңыз.

Әдістемелік нұсқаулар: Оқу материалдарын меңгеру негізгі түсініктердің мазмұнын игерумен және құбылыстардан, процестерден нақты мысалдар келтіру арқылы бекіту керек.

№12. Тақырыбы. Жоғары оқу орнында кредиттік оқыту жүйесі жағдайындағы педагогикалық бақылау және білімді бағалау

Тәжірибелік сабақ – 2 сағат

1. Педагогикалық диагностика мәні, функциялары және принциптері.
2. Жоғары мектептегі бақылау түрлері және әдістері.
3. Тестілеу.

Сұрақтар:

1. Педагогикалық диагностика, педагогикалық бақылау түсініктеріне анықтама беріңіз.

2. Педагогикалық диагностика функцияларына сипаттама беріңіз.
3. Педагогикалық өлшеу дегеніміз не? Оның міндеті қандай?
4. Дидактикалық тест дегеніміз не? Оның артықшылықтары мен кемшіліктерін атаңыз.

Тапсырмалар:

Тапсырма 1. Бір тақырыпқа арналған әрдеңгейлік тестік тапсырмалар жүйесін құрыңыз..

Әдістемелік нұсқаулар: Оқу материалдарын меңгеру негізгі түсініктердің мазмұнын игерумен және құбылыстардан, процестерден нақты мысалдар келтіру арқылы бекіту керек.

№13 тақырыбы. Жоғары мектеп – тәрбие мен маман тұлғасын қалыптастырудың әлеуметтік институты

Семинар – 1 сағат

1. Жоғары мектепте тәрбие жұмысының мәні және негізгі бағыттары
2. Тәрбие принциптері туралы жалпы түсінік.
3. Тәрбие заңдылықтары мен принциптерінің өзара байланысы.
4. Тәрбие принциптеріне сипаттама.

Сұрақтар:

1. **Тәрбие мақсаты дегеніміз не?**
2. Тәрбие заңдылықтары мен принциптері арасында қандай байланыс бар?
3. Жоғары мектептегі тәрбиелеу принциптерін атаңыз.

Тапсырмалар:

Тапсырма 1. «Тәрбие заңдылықтары», «тәрбие принциптері», «тәрбие ережелері» түсініктерінің арақатынасын сызба түрінде бейнелеңіз.

Әдістемелік нұсқаулар: Оқу материалдарын меңгеру негізгі түсініктердің мазмұнын игерумен және құбылыстардан, процестерден нақты мысалдар келтіру арқылы бекіту керек.

№14 тақырыбы. Жоғары мектептегі заманауи білім беру технологиялары.

Семинар – 1 сағат

1. Педагогикалық технологиялар туралы жалпы түсінік.
2. Жоғары мектепте қолданылатын педагогикалық технологиялар, оларға сипаттама.

Сұрақтар:

1. Педагогикалық технология дегеніміз не?
2. Педагогикалық технологияның негізгі белгілері қандай?
3. Оқыту мақсатының диагностикалы қойылуы дегеніміз не?

Тәжірибелік сабақ – 1 сағат

Тапсырмалар:

Тапсырма 1. «Проблемалық оқыту», «проблемалық жағдай», «оқу проблемасы» түсініктерін талдаңыз.

Тапсырма 2. Жоғары мектепте қолданылатын нақты оқыту технологиясына сипаттама беріңіз

Әдістемелік нұсқаулар: Оқу материалдарын меңгеру негізгі түсініктердің мазмұнын игерумен және құбылыстардан, процестерден нақты мысалдар келтіру арқылы бекіту керек.

№15. Тақырыбы. Білім берудегі менеджмент

Тәжірибелік сабақ – 2 сағат

1. Білім беру жүйесінің нормативтік базасы
2. Білім беру жүйесі және ұйымдары
3. Жоғары білім жүйесінің даму үрдістері

Сұрақтар:

1. Білім беру жүйесінің нормативтік базасына нелер кіреді?
2. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына МЖМБС анықтама беріңіз.
3. Оның функциялары қандай?
4. ҚР «Білім туралы» заңында педагог кадрлар алдында қандай міндеттер қойылған?
5. Оқу жоспары мен оқу бағдарламасына анықтама беріңіз.
6. ҚР білім беру жүйесінің қандай деңгейлері бар?

Тапсырмалар:

Тапсырма 1. Өз мамандығыңыз бойынша талқылаңыз:

- бакалаврдың біліктілік сипаттамасы қандай?
- жалпы білім беретін пәндер циклы (қандай, не мақсатта оқытылады);
- базалық пәндер (міндетті компонент және таңдау компоненті);
- кәсіптендіру пәндері (міндетті компонент және таңдау компоненті).

Тапсырма 2. Оқу пәнінің мазмұны ненің негізінде айқындалатынын анықтаңыз.

Тапсырма 3. ҚР жоғары білім беруді жетілдірудің факторларын атаңыз.

Әдістемелік нұсқаулар: Оқу материалдарын меңгеру негізгі түсініктердің мазмұнын игерумен және құбылыстардан, процестерден нақты мысалдар келтіру арқылы бекіту керек.

Ұсынылған әдебиеттер тізімі: Силлабустың 3.7. бөлімінен қараңыз

Оқытушының жетекшілігімен магистранттардың өзіндік жұмыстары

№1 МОӨЖ тақырыбы. ҚР жоғары білімнің даму стратегиясы.

Тапсырмалар:

Тапсырма 1. ҚР білім беру жүйесінің деңгейлерін атаңыз.

Тапсырма 2. ҚР «Білім туралы» Заңының келесі баптарының мазмұнын жазыңыз:

1. Білім беру облысындағы мемлекеттік саясат принциптері.
2. Білім беру мазмұны.
3. Білім беру мекемелері.
4. Білім туралы қызметтер.
5. Білім беру бағдарламалары.

Тапсырма 3. «Қазақстан Республикасында Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының» келесі бөлімдерін талдаңыз:

1. Кіріспе.
2. Білім беру жүйесінің жай-күйін талдау.
3. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері.
4. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетігі.
5. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер және оның

индикаторлары.

Әдістемелік нұсқаулар: Оқу материалдарын меңгеру негізгі түсініктердің мазмұнын игерумен және құбылыстардан, процестерден нақты мысалдар келтіру арқылы бекіту керек.

